

«Сейфуллин оқулары-14: Жастар, ғылым, инновациялар: цифрландыру – жаңа даму кезеңі» атты Республикалық ғылыми-теориялық = **Материалы** Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения-14: Молодежь, наука, инновации: цифровизация – новый этап развития». - 2018. - Т.1,Ч.4. - Б.128-132

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА БЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕР МЕН ФОРМАЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІГІ

Шапкенова Н.Ш.

Әдіс (грек. «methodos» - мақсатқа жету жолы) ретке келтірілген іс-әрекеттің белгілі бір тұрғыда мақсатқа жету жолын білдіреді.

Оқыту әдісі дегеніміз оқытушы мен білім алушылардың ретке келтірілген өзара байланысты іс-әрекеттерінің оқу үдерісіндегі білім беру, тәрбиелеу және дамыту міндеттерді шешуге бағытталған іс-әрекет түрі.

Педагогиканы оқыту әдістемесінің сапасы мен тиімділігін жетілдіру міндеттерін шешудің көзі студенттердің оқу белсенділіктерін арттыру болып отыр. Оның мәні тек студенттердің оқу материалын меңгеріп қоюында ғана емес, студенттердің танымдық іс-әрекетке деген қатынасын қалыптастыруда болып табылады. Сол үшін практикада оқытудың белсенді әдістері кеңінен қолданылады.

Оқытудың белсенді әдістері – оқу материалын меңгеру үдерісіндегі студенттердің танымдық іс-әрекетін арттыруға негіз болатын оқыту тәсілдері [1].

Белсенді оқыту әдістерінің жіктемесі:

- жартылай кәсіби іс-әрекетті модельдейтін және іскерлік, дағдыны қалыптастыруға бағытталған тәсілдер: проблемалық сұрақтар, іскерлік ойындар, кәсіптік жағдаятты талдау, тренинг;

- білім, іскерлік, дағдыларын қалыптастыруға бағытталған тәсілдер: проблемалық есептер, жағдаяттар, «дөңгелек үстел», эвристикалық әңгіме, «миға шабуыл», оқу пікірталасы, «кейс-стади», өзіндік жұмыс.

Енді педагогиканы оқытуда жиі қолданылатын белсенді оқыту әдістерінің кейбіріне тоқталып өтейік.

Пікірталас әдісі – оқу материалының дау тудыратын тақырыбын қарастыруға, талдауға бағытталған және білім алушылардың әр түрлі ұстанымдарын бір арнаға тоғыстыратын оқыту тәсілі. Бұл әдіс проблемалық жағдаятқа негізделген және семинар сабақтарында кеңінен қолданылады. Пікірталастың туындауына теорияны қорытулар мен ережелер, қағидалар, теорияны практикамен алмастыру, ғылым мәселелерін талқыға салу, проблеманың бүгінгі тандағы көрінісі себеп бола алады.

Пікірталас түрлері:

- топ білім алушыларының жалпылама түрде бір проблеманы шешу барысына аяқ астынан пайда болатын пікірталас;

- әр түрлі педагогикалық құбылыстарға өзіндік ұстанымын білдіру үшін сенімін қалыптастыруға бағытталған пікірталас;
- арнайы оқытушы туындатқан нақтылы ақпарат пен дәлелді дәйектерге сүйенген оқу пікірталас.

Пікірталас әдісін қолданып өткізген семинар сабағынан үзінді келтірейік.

1) Оқытушы сабақ тақырыбын хабарлап, өзі пікірталасты жүргізуі немесе көшбасшы-студентті тағайындауы мүмкін.

2) Студенттер проблеманы шешудің жолдарын, ойларын беделді дереккөздерге (теориялар, концепциялар, ілімдер) сүйене отырып білдіреді.

3) Оқытушы немесе көшбасшы-студент барлық ойларды тақтаға жазады әр нұсқаны талқыға салады, оларды маңыздылығына, мәніне қарай орналастырады.

4) Пікірталас соңында талқылау нәтижесінде соңғы шешімдер қабылданады.

«*Шағын топтар*» әдісі – оқу материалының жалпы сұрақтары жекелеген өзіндік сұрақтарға ажыратылатын және білім алушылар топтары арасына бөлініп берілетін, студенттер өздігінен немесе оқытушының көмегімен хабарлама әзірлейтін оқыту тәсілі.

Аталған әдісті қолдану топтың ішінде жұмыс істей алу іскерліктерін дамытады, студенттердің шығармашылық қасиеттерімен қоса бастамашылықтарын, өздігінен жұмыс істей алу қабілеттерін де жетілдіре түседі.

Бұл әдісті семинар сабақтарында қолданған орынды. «*Шағын топтар*» әдісін қолданып өткізген сабақ үзіндісін келтіріп көрейік:

1) Студенттер 3-5 адамнан шағын топтарға бөлінеді (студенттер тілегі бойынша немесе олардың дайындық деңгейі, «күшті-әлсіз» студент позициясынан оқытушы өзі топтарға бөлуіне болады).

2) Әр топтың басшысы тағайындалады.

3) Әр топ өздерінің рөлдерін бөліп алады: «Баяндамашылар» тобы, «Оппонент-сыншы» тобы, «Қорғаушы» тобы. «Баяндамашылар» тобы аудитория алдында негізгі ережелер, қағидалар мен концепцияларды нақтылы мысалдармен, көрнекіліктерімен баяндап береді. «Оппонент-сыншы» тобы «Баяндамашы» тобына сұрақтар қояды, баяндамаларын, оның мазмұнын, дәлелдемелерін сынға алады. «Қорғаушы» тобы жаңа фактілер келтіріп, ойларды толықтырады, мысалдар келтіреді.

4) Жұмыстың тиімді болуына «Баяндамашы» тобының өз баяндамаларымен аудиторияны алдын-ала таныстырулары да ықпал етеді. Топтың әрбір мүшесі кем дегенде бір тапсырманы орындаулары керек: иллюстрация дайындау, мысалдарды таңдап алу, баяндама жасау, қосымша әдебиетті іріктеу және т.б.

«*Тірек конспектілер*» әдісі – оқу материалын меңгеру мен бекіту ақпарат көздеріне (оқулықтар, сөздіктер, анықтамалықтар, дәріс конспектілері және т.б.) қарай бірнеше рет қайталау нәтижесінде жүзеге асатын оқыту тәсілі.

Бұл әдісті семинар және тәжірибелік сабақтарда қолдануға болады. Төменде аталған әдісті қолданып өткізілетін сабақ үзіндісі берілген:

1) Оқу тобы семинар оқыту процесінің сұрақтарына байланысты 3-4 шағын топтарға бөлінеді.

2) Әр топ мынандай тапсырмаларды алады: нақтылы бір сұрақ бойынша тірек конспектісін жасайды, оған оқулықты, конспект дәрісті және т.б. қолдануға болады. Тапсырманы орындауға 20 минут уақыт бөлінеді.

3) «Топбастар тірек сызбасы» атты сайыс ұйымдастырылады. Сайысқа қойылатын талап – тірек сызба бойынша сұраққа қысқа да түсінікті жауап беру іскерлігін таныту. Эксперт ретінде оқытушы өзі шығады.

4) «Тірек сызба бойынша жауап берген топбастар студент» байқауы өткізіледі. Топ мүшелері басқа топ мүшелерінің сызбасы бойынша сөйлейді. Эксперт ретінде студенттер өздері шығады [2].

«Миға шабуыл» әдісі – студенттердің ғылыми және тәжірибелік проблемаларды шешудегі дәстүрлі емес жолдарын іздестіретін ақыл-ой іс-әрекетін ұйымдастыруға бағытталған оқыту тәсілі. Ол бірнеше кезеңдерден тұрады:

1. Проблеманы анықтай алу немесе проблемалық жағдаят туғызу.

2. Талдаусыз және дәлелсіз әр түрлі ойларды алға шығару.

3. Ойларды, ұсыныстарды теориялық, эмпирикалық жағынан тексеру, талдау.

4. Топбастар ойларды таңдау және бағалау.

Әдістің құрылымы екі бөліктен тұрады: біріншісі – ойларды шығару, екіншісі – ойларды дамыту және қорғау. Бұл әдісті көбінесе семинар сабақтарында кейде дидактикалық мақсатты ескере отырып дәріс сабақтарында да қолдануға болады.

«Миға шабуыл» әдісін қолдануға даярлық келесі кезеңдерден тұрады:

I кезең – Оқыту процесінің мақсат пен міндеттерін анықтау.

II кезең – Оқыту процесінің жалпы өту барысын жоспарлау, оқыту процесінің әр кезеңінің уақыт көлемін анықтау.

III кезең – Жаттығу үшін 3-4 сұрақ құрастыру, психологиялық қысымды азайту мақсатында қызықты жағдаяттарды тандап алу.

IV кезең – Ортаға түскен ойларды бағалау үшін бағалау нормаларын әзірлеу (өзектілігі, теориялық негіздеме, тәжірибелік мәні және т.б.).

Төменде «миға шабуыл» әдісін қолданып өтетін сабақ үлгісі келтірілген:

I кезең – ұйымдастырушылық: дәрісхананы даярлау, жиһаздарды орналастыру, қажет құралдарды әзірлеу.

II кезең – мақсатты қою: тақырыпты, оқыту процесінің мақсаты мен формасымен, қатысушыларды ұжымдық жұмыс тәртібімен, шарттарымен таныстыру (уақыты 5 минут).

III кезең – жұмысшы топтарды құру: олардың бірі – «эксперт», қалғандары – «ойлар генераторы». Топ құру студенттердің өз қалаулары бойынша жүзеге асады (уақыты 10 минут).

IV кезең – жалпы жаттығу. Сабақ тақырыбына және де бұрын өткен сабақ тақырыптары бойынша сұрақтарға өте жылдам жауап беру (уақыты 10 минут).

V кезең – өзіндік «шабуыл». Барлық топтарда ойлар баяндалады, эксперттер жазып отырады (уақыты 10 минут).

VI кезең – жинақталған ойларға талдау өткізу: топбастар ойлармен танысу, оның авторлары өз ойларын қорғайды, дәлелдейді. Топбастар ойларды барлық топтар бағалайды. Талқыға салу қорытындысы бойынша ұжымдық шешім қабылданады (уақыты 20-30 минут).

VII кезең – финалдық: оқытушы жалпы қорытынды жасайды, топтардың жұмысына баға береді, сәтті шыққан ойлар, кезеңдер аталып өтіледі, келесі «шабуылдарға» ұсыныстар мен пікірлер білдіріледі (уақыты 5-7 минут).

VIII кезең – рефлексия: сәттіліктер мен сәтсіздіктерді талдау.

«Миға шабуыл» әдісінің «мықты» тұстары:

- танымдық белсенділікті арттыруы;
- оқу материалын білім алушылардың шығармашылық жолмен меңгеруі;
- теорияның практикамен байланысы;
- көңілдің ортақ іске жұмылуы;
- проблеманы шешу кезеңінде ойлау қызметінің күшеюі;
- топта жұмыс істеу іскерліктерін қалыптастыру.

«Әлсіз» тұстары:

- дайындық үшін қосымша уақыт қажет;
- барлық студенттер «миға шабуыл» әдісімен таныс болмауы мүмкін;
- барлық тақырып осы әдіспен оқытылуы мүмкін емес.

«Іскерлік ойындар» әдісі – оқу-кәсіби міндеттердің ережелер бойынша ойын формасында шешілетін оқыту тәсілі. Білім алушылар кәсіби іс-әрекеттің үзінділерінен көрініс қоя отырып, түрлі рөлдер мен кәсіби іс-әрекет түрлерін орындайды.

Іскерлік ойынның міндетті бөліктері бар, олар:

- дидактикалық мақсаттың болуы: білімді жүйелеу мен нақтылау, іскерлік жүйесін қалыптастыруға ұмтылу, тұлғаның кәсіби деңгейдегі қасиеттерін қалыптастыру;

- оқу-кәсіптік ойын міндеттерінің болуы: ойынға қатысушы өзінің қандай міндетті шешу керектігін нақтылы білген дұрыс;

- ойын жағдаятының болуы: ойында қарама-қайшылық, тараптар «шекісуі», әр түрлі көзқарастар мен ойлар элементі болуы керек;

- ойынның бірлескен сипаты: ойынға қатысушылардың барлығы өздеріне бөлініп берілген рөлдері бойынша өзара қарым-қатынасқа түсулері керек;

- іскерлік ойынның бағытталушы жоспарының болуы: ойын барысын, қатысушылардың негізгі сөздері мен әрекеттерін оқытушы құрастыруы керек, алайда ойын барысында оған қатысушылардың суырып салма өнерлеріне шек қойылмайды;

- бірыңғай нәтижеге қол жеткізу: білім берушілік, дамытушылық, тәрбиелік жетістіктерге жету.

«Іскерлік ойын» әдісін қолданып өткізілген семинар сабағының өткізу нұсқасын ұсынамыз. Сабақ алдын ала дайындықты қажет етеді және 5 түрлі кезеңді қамтиды.

Алдын-ала даярлық: ойынға қатысушылар дәрістің мазмұнын қайталайды, өз беттерімен әдебиеттерді қарастырып, мүмкін болар сұрақтарға жауаптар дайындайды.

I кезең – ұйымдастырушылық: ойын тақырыбы мен мақсатын түсіндіру, шағын топтар (4-5 адам) мен эксперттер тобын құру (2-3 адам), қатысушыларды ойын шарттарымен таныстыру (уақыты 10 минут).

II кезең – ойынға қатысушылар білімін өзектендіру: әр топ өздеріне қойылған екі сұраққа жауап береді, қалған шағын топтар оны толықтырады. Жауаптар мен толықтыруларды эксперттер үш деңгей бойынша бағалайды: іскерлік, шешендік және этикалық. Осының барлығы ойыншыларды өз рөліне енуіне, теориялық білімдерін еске түсірулеріне ынталандырады, жарыс рухын көтереді (уақыты 20-30 минут).

III кезең – топтардың өзіндік жұмыстары: кәсіби жағдаяттарды оқып, танысу, рөлдерді бөліп алу, сызбаларды құрастыру және т.б. (уақыты 20-30 минут).

IV кезең – ойындық: топтар әзірлеген тапсырмаларын ойнап көрсетеді. Басқа топтың мүшелері олардың іс-әрекеттерін мақұлдап, толықтырады немесе қарсы пікір білдіреді. Эксперттер жарыссөзге шығады, топтардың қойылымдарын бағалайды, тіркейді және осының барлығы аз уақыт ішінде жүзеге асуы керек.

V кезең – аналитикалық кезең. Эксперттер ойын барысын талдайды, сараптама жасайды, ойынға қатысушылар белсенділіктеріне баға береді, қателіктерін, кемшіліктерін айтады [3].

Оқыту әдістерін жетілдіру бүгінгі күннің басты мәселесі болып отыр. Оқыту әдістерінің тиімділігін арттырып, оқытудың жаңа формалары мен тәсілдерін меңгеру қажеттігіне педагогикалық зерттеулерде айрықша маңыз беріледі.

Алайда, оқыту әдісін қайта құру – күрделі процестің бірі. Кейбір әдістерді қолдануда біржақты асыра сілтеушілікке жол бермеу керек. Тіпті әр тақырыптың өзі де оқытудың ерекше тәсілдері мен жолдарын талап етеді. Сондықтан, оқытуда әртүрлі әдістерді қолдану қажет.

Сабақтың тақырыбы мен мақсатына, оқу материалының мазмұны мен көлеміне, білім алушылардың дайындық дәрежесіне сәйкес, сабақтың құрылысы мен оқу әдісін ұдайы толықтырып отыруды оқытушы өзі белгілеп, өзі таңдап алады [4].

Сонымен, оқыту процесінде әр түрлі әдістері мен тәсілдерін қолданған дұрыс, әйткені олардың сәйкестілігі білім алушыларға педагогикалық білімді жүйелі түрде меңгеруге, іскерлік пен дағдыларын қалыпты ұстауға, болашақ оқытушының кәсіби-тұлғалық сапасын қалыптастыруға тиімді әсер етеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Зарукина Е. В. Активные методы обучения: рекомендации по разработке и применению: учеб.-метод. пособие / Е. В. Зарукина, Н. А. Логинова, М. М. Новик. СПб.: СПбГИЭУ, 2010. – 59 с.
2. Исаева З.А., Мынбаева А.К., Садвакасова З.М. Активные методы и формы обучения в высшей школе: Учебное пособие для вузов. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 122 с.
3. Ж.К. Сағалиева, Р.С. Омарова, Г.І. Сейлхан. Педагогика. Оқу құралы.- Астана: С. Сейфулин ат.ҚазАТУ баспасы, 2016.-188 бет.
4. Ivar Bråten. Beliefs about sources of knowledge predict motivation for learning in teacher education // Teaching and Teacher Education An International Journal of Research and Studies, Volume 50, August 2015, Pages 13–23.